



**Контрагенттің
іскерлік этика кодексі
«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС**

Атырау
2025



«KPI Inc.» ЖШС

Байқау кеңесінің

2025 жылғы «02» қыркүйектегі

№ 17/25 шешімімен

Бекітілген

МАЗМҰНЫ:

Бөлім №.	Бөлімнің атауы	Бет
1.	Жалпы ережелер	3
2.	Қолданылу аясы	3
3.	Анықтамалар мен қысқартулар	4
4.	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде заңнама талаптарын және өзге де қағидаларды сақтау	5
5.	Бизнесті этикалық жүргізу	5
6.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	6
7.	Құқықтар мен бостандықтар	6
8.	Мүдделер қақтығысын басқару	7
9.	Көтермелеу, сыйлықтар және материалдық ынталандыру	7
10.	Құпия және инсайдерлік ақпарат	8
11.	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік	8
12.	Қоршаған ортаны қорғау	8
13.	Жауапкершілік	9
14.	Бұзушылықтар туралы хабарлау	9
15.	Қорытынды ережелер	9
	Өзгерістерді тіркеу парағы	
	Танысу парағы	

1. Жалпы ережелер

1.1. Контрагенттің іскерлік этика кодексі «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) контрагенттерінің және Серіктестік іскерлік қатынастарға түсетін басқа да ұйымдардың корпоративтік, әлеуметтік жауапкершілігіне қойылатын талаптарды айқындайды.

1.2. Контрагенттің іскерлік этика кодексі (бұдан әрі – Кодекс) «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) контрагенттерінің және Серіктестік іскерлік қатынастарға түсетін басқа да ұйымдардың (бұдан әрі – Контрагент) корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігіне қойылатын талаптарды қамтиды.

1.3. Серіктестік Контрагенттермен ынтымақтастықтың ашықтық, ақпараттық жариялылық, бәсекеге қабілеттілік, әділдік, тиімділік, адал бәсеке сияқты қағидаттарын қолдайды.

1.4. Серіктестік өз беделін жоғары бағалайды және іскерлік қоғамдастық тарапынан сенімді нығайтуға ұмтылады.

1.5. Серіктестік мінсіз беделі бар, заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік және іскерлік этиканың жалпыға бірдей қабылданған нормаларын сақтайтын, адам құқықтарын құрметтейтін, қызметкерлердің еңбегі мен денсаулығын қорғауға қамқорлық жасайтын, орнықты даму қағидаттарын ұстанатын Контрагенттермен жұмыс істеуге ұмтылады.

1.6. Серіктестік барлық Контрагенттермен/Жеткізушілермен ашық және айқын іскерлік қатынастарды қолдайды әрі оларды өзара тиімді негізде дамытуға ұмтылады.

1.7. Серіктестік Контрагенттерден жоғары этикалық нормаларды ұстануды және осы нормаларды бұзушылық ретінде қаралуы мүмкін кез келген қызметтен бас тартуды күтеді.

1.8. Контрагенттер осы Кодекстің ережелерімен Серіктестіктің ресми сайтында танысуға тиіс. Контрагенттің осы Кодекс ережелерімен келіспеуі онымен ынтымақтастық жасауға кедергі болып табылмайды, алайда Серіктестік осыған байланысты тәуекелдерді, оның ішінде Контрагентпен шарт жасасу туралы шешім қабылдау кезінде бағалайды.

1.9. Серіктестікке Кодекс ережелеріне сәйкес келмейтін қандай да бір әрекеттер немесе мән-жайлар туралы белгілі болса, бұл Контрагенттермен жасалған шарттарда көзделген түзету шараларын қолдану туралы талаптар қоюға негіз болып табылады. Контрагент анықталған бұзушылықтарды жоюға және олардың қайталануына жол бермеуге міндетті болады. Бұл ретте Контрагент өз әрекеттері мен олардың салдары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы алдында дербес жауапты болады.

2. Қолданылу аясы

2.1. Шарттарда көзделген жағдайларда осы Кодекс барлық Контрагенттерге қолданылады.

2.2. Контрагенттер Серіктестікпен және оның қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау процесінде осы Кодекстің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

3. Анықтамалар мен қысқартулар

3.1. Сатып алу – азаматтық-құқықтық шарт/келісімшарт жасаса отырып, Серіктестіктің қажеттілігін ақылы негізде қанағаттандыру үшін тауарларды / көрсетілетін қызметтерді / жұмыстарды сатып алу жөніндегі іс-әрекеттердің жиынтығы.

3.2. Инсайдерлік ақпарат – бұрын берілмеген немесе таратылмаған нақты әрі дәл ақпарат (оның ішінде коммерциялық, банктік, қызметтік құпияны, байланыс құпиясын (ақша аударымдары туралы ақпаратты) және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер), оны беру немесе тарату қаржы құралдарының, тауарлардың және (немесе) шетел валютасының құнына елеулі әсер етуі мүмкін.

3.3. Құпия ақпарат – үшінші тұлғаларға белгісіз болуына, оған заңды негізде қол жеткізудің болмауына және осы ақпаратты иеленушінің оның құпиялылығын қорғау жөнінде шаралар қабылдауына байланысты нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар ақпарат.

3.4. Мүдделер қақтығысы – Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның жеке пайдасы немесе қызметі Компанияның мүдделеріне қайшы келетін немесе олармен әлеуетті түрде қайшылыққа түсуі мүмкін және осылайша олардың өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына, сондай-ақ Компанияға қатысты мәселелер бойынша шешімдердің объективтілігіне әсер етуі мүмкін кез келген жағдайлар немесе мән-жайлар;

3.5. Сыбайлас жемқорлық – материалдық және материалдық емес заңсыз пайданы кез келген нысанда, тікелей немесе делдалдар арқылы, оның ішінде пара және коммерциялық сатып алу нысанында ұсыну, уәде ету, беру, талап ету және/немесе алу; және/немесе сыбайлас жемқорлық әрекетін жүзеге асыру кезіндегі Делдалдық; және/немесе қызмет бабын теріс пайдалану, өкілеттіктерді теріс пайдалану, сондай-ақ Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның, сондай-ақ өзге де тұлғаның Компанияның заңды мүдделеріне қайшы өзінің лауазымдық жағдайын өзгеше заңсыз пайдалануы, оның ішінде өзі немесе үшінші тұлғалар үшін материалдық және материалдық емес заңсыз пайда алу мақсатында, не аталған тұлғаға осындай пайданы басқа жеке тұлғалардың заңсыз беруі.

3.6. Пара – 1) пара берушінің немесе өзге үшінші тұлғаның мүддесінде, Саяси ықпалды тұлғаның пайдасына, осы Саяси ықпалды тұлға өзінің қызмет бабына байланысты жасай алатын немесе жасауға тиіс болған әрекет (немесе, керісінше, әрекетсіздік) үшін берілетін материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) не қандай да бір мүлктік пайда немесе көрсетілетін қызметтер; 2) пара берушінің немесе өзге үшінші тұлғаның мүддесінде, Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның пайдасына жасалатын әрекет (немесе, керісінше, әрекетсіздік) үшін берілетін материалдық

құндылықтар (заттар немесе ақша) не қандай да бір мүліктік пайда немесе көрсетілетін қызметтер.

3.7. Коммерциялық сатып алу – коммерциялық немесе өзге ұйымда басқарушылық

функцияларды орындайтын адамға оның өз қызмет бабын пайдаланғаны, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүддесінде қызмет бойынша жалпы қамқорлық жасағаны немесе енжарлық танытқаны үшін ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

3.8. Ақшаны (заңсыз кірістерді) жылыстату – басқа адамдардың қылмыстық жолмен тапқаны алдын ала белгілі ақшамен немесе өзге мүлікпен, аталған ақшаны немесе өзге мүлікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге заңды түр беру мақсатында қаржы операцияларын және басқа да мәмілелерді жасау.

3.9. Сатып алуды жүзеге асыру тәртібі – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі.

3.10. Контрагент – КРІ шарт/келісім жасасқан не жасасуды жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға.

4. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде заңнама талаптарын және өзге де қағидаларды сақтау

Серіктестік Контрагенттерден өздерінің кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде қолданылатын заңнаманы, халықаралық стандарттар мен құжаттардың талаптарын (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, БҰҰ Жаһандық шарты, Халықаралық еңбек ұйымының Еңбек саласындағы негізқұраушы қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясы) және өзге де қағидаларды құрметтеуін және сақтауын күтеді.

5. Бизнесті этикалық жүргізу

5.1. Серіктестік адал бәсеке және нарықтардың ашықтығы қағидаттарын берік ұстанады, барлық әлеуетті Контрагенттерге тең мүмкіндіктер беруге ұмтылады.

5.2. Мүмкіндік және бәсекелестік орта болған кезде Серіктестік Контрагенттерді конкурстық негізде таңдайды. Контрагенттерді іріктеу кезіндегі негізгі қағидат адал бәсекелестік күресті қамтамасыз ету болып табылады. Контрагентті таңдау туралы шешімдер коммерциялық және техникалық шарттар, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің сапасы, Контрагенттің/Жеткізушінің тәжірибесі мен біліктілігі, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің Серіктестік талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ Контрагенттің/Жеткізушінің сенімділігі сияқты объективті өлшемшарттарға негізделеді.

5.3. Контрагент өз кезегінде Сатып алуды жүзеге асыру тәртібін сақтауға және сатып алуды жүргізу барысында этикалық нормаларды ұстануға міндеттенеді. Сатып алуға қатысатын Контрагенттерге жеңімпазды таңдауға әсер етуі мүмкін бағалар және



өзге де шарттар туралы ақпарат алмасуға, бәсекелестікті шектейтін әрекеттер, оның ішінде сөз байласу мен баға келісімдерін жасауға, өнеркәсіптік тыңшылық жасауға тыйым салынады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

6.1. Серіктестікте сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне төзбеушілік ахуалы қалыптастырылған және қолдау көрсетіледі. Серіктестік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының ықтимал фактілері туралы ақпаратты тексеру жөніндегі кешенді шараларды әзірлеуге, ал олар расталған жағдайда – олардың салдарын және оларға ықпал еткен себептерді жоюға (барынша азайтуға) ұмтылады.

6.2. Серіктестіктің шарттарында Контрагенттердің шарттарды орындау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі барлық қолданылатын заңнамалық және нормативтік актілерді сақтауын көздейтін, заңнамалық нормаларды сақтау туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе қамтылады.

6.3. Серіктестік жоғары этикалық стандарттарға сәйкес қызметті жүзеге асыратын және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды іске асыратын Контрагенттермен қарым-қатынасты сақтауға және дамытуға ұмтылады.

6.4. Контрагент өз кезегінде қолданылатын заңнамада пара беру/алу (парақорлыққа делдал болу), коммерциялық сатып алу (пара беруді немесе коммерциялық сатып алуды арандату), өкілеттіктерді теріс пайдалану ретінде сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданылатын заңнаманың және халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамауға міндеттенеді.

7. Құқықтар мен бостандықтар

7.1. Контрагенттер жалпыға танылған адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды сақтайды әрі қолдайды және оларды бұзуға қатысы жоқ екеніне кепілдік береді. Контрагенттің барлық қызметкерлеріне қатынас құрметпен және лайықты болуға тиіс.

7.2. Контрагенттер кемсітушіліктің кез келген түрін болғызбайды.

7.3. Контрагент Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 31-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, 16 жасқа толмаған адамдарды еңбекке тартпауға міндеттенеді.

7.4. Контрагент Қызметкерлер үшін жұмыс уақытының ұзақтығын реттейтін қолданылатын заңнаманы сақтайды.

7.5. Контрагент Қызметкерлерге жалақыны және үстеме жұмыс үшін ақыны кемінде қолданыстағы заңнама талаптары деңгейінде төлеуге тиіс. Әрбір төлем кезеңі үшін Контрагент қызметкерлерге жұмыс істелген сағаттар немесе күндер санын, жалақының немесе кесімді мөлшерлеменің қолданыстағы мөлшерін, сондай-ақ

жүргізілген ұстап қалулардың негіздерін көрсете отырып, айқын төлем ведомосын беруге міндетті.

7.6. Контрагент өз қызметкерлеріне қатысты дене жазасын қолдануға, зорлық-зомбылықпен қорқытуға немесе психикалық не физикалық мәжбүрлеудің өзге де нысандарына жол беруге құқылы емес.

7.7. Заңнамада белгіленген шектерде Контрагент қызметкерлердің кәсіподақтар құру және ұжымдық шарттар жасасу құқығын тануға және құрметтеуге міндетті. Кез келген жағдайда Қызметкерлерде жауап ретіндегі қуғын-сүргін шаралары мен жазалардан қорықпай, басшылыққа наразылықтарын ашық білдіруге және шағымдар беруге мүмкіндік болуға тиіс.

8. Мүдделер қақтығысын басқару

Контрагент Мүдделер қақтығысын болғызбауға және осындай оқиғалар туралы Серіктестікке хабарлауға міндеттенеді. Егер Серіктестіктің қандай да бір қызметкерінің Серіктестіктің мүдделерінде әрекет етуіне, өз міндеттерін Контрагентке қатысты адал, ұқыпты және бейтарап орындауына кедергі келтіретін жеке мүдделілігі болса немесе оның Контрагентпен қандай да бір экономикалық байланысы болса, анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты төменде көрсетілген байланыс арналары бойынша жіберу қажет:

- сенім телефонының сайты: <http://www.sk-hotline.kz>;
- электрондық пошта мекенжайы: mail@sk-hotline.kz,
- тегін телефон нөмірі: +7 771 191 8816.

9. Көтермелеу, сыйлықтар және материалдық ынталандыру

9.1. Контрагент Серіктестік қызметкерлерін материалдық ынталандырудан, оның ішінде ақшалай төлемдер, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын әрі осы қызметкердің оны ынталандырушы тарап пайдасына қандай да бір әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған, осы жерде аталмаған басқа да тәсілдер арқылы ынталандырудан бас тартады.

9.2. Қызметкердің оны ынталандырушы тарап пайдасына жүзеге асыратын әрекеттері деп мыналар түсініледі:

- басқа Контрагенттермен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар беру;
- қандай да бір кепілдіктер беру;
- қолданыстағы рәсімдерді жеделдету;
- қызметкер өзінің лауазымдық міндеттері шеңберінде орындайтын, бірақ Контрагенттермен өзара қарым-қатынастың ашықтығы мен айқындығы қағидаттарына қайшы келетін өзге де әрекеттер.

10. Құпия және инсайдерлік ақпарат

10.1. Контрагент Серіктестіктің зияткерлік меншігін, олардың коммерциялық құпияларын және кез келген басқа Құпия, Инсайдерлік немесе өзге де жабық ақпаратты құрметтеуге міндеттенеді. Серіктестіктің операциялары туралы кез келген ақпарат немесе деректер, егер мұндай ақпарат жалпыға қолжетімді болмаса, Контрагент тарапынан кез келген жағдайда құпия ретінде қаралуға тиіс. Контрагент ақпараттың құпиялылығын оны өзінің әдеттегі қызметінің шеңберінен тыс не Серіктестік тарапынан нұсқаусыз немесе рұқсатсыз беруден, жариялаудан, пайдаланудан немесе ашудан бас тарту арқылы қорғауға міндеттенеді.

10.2. Контрагент деректерді қорғау жөніндегі қолданылатын стандарттарды сақтауға міндеттенеді. Құпия және инсайдерлік ақпаратты қамтитын немесе деректерді қорғау жөніндегі стандарттарға сәйкес қорғауды қажет ететін материалдар сенімді жерде, үшінші тұлғалардың оған қол жеткізу мүмкіндігінсіз сақталуға және Контрагент қызметкерлеріне тек қызметтік қажеттілік қағидатын негізге ала отырып берілуге тиіс.

11. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

11.1. Серіктестікте еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бұзушылықтарға төзбеушілік қағидаты жарияланады. Контрагенттің Серіктестік аумағында жүзеге асырылатын барлық жарақаттары, оқыс оқиғалары мен авариялары, сондай-ақ оларға алғышарттар тексеруге жатады.

11.2. Серіктестік Контрагенттен еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларын сақтауды, өзінің барлық қызметкерлері үшін сау жұмыс ортасын және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауды күтеді. Контрагент денсаулық пен қауіпсіздікті басқару жөніндегі нормалар мен практикаларды өз бизнесіне кіріктіруге, сондай-ақ шарттардағы ережелерді сақтауға тиіс.

11.3. Серіктестіктің объектісінде немесе аумағында қызмет көрсететін Контрагент Серіктестікте белгіленген еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларын сақтауға міндеттенеді, авариялық жағдайдың туындауы туралы дереу хабарлағаны үшін жауапты болады.

12. Қоршаған ортаны қорғау

12.1. Серіктестік қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндеттемелерді ұстанады, экологиялық заңнаманы сақтау үшін жауапкершілік біздің қызметіміздің негізгі қағидаты болып табылады.

12.2. Серіктестік қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұстанымды бөлісетін және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға ұмтылатын контрагенттермен жұмыс істеуге ұмтылады.

12.3. Контрагент экологиялық заңнаманы сақтайды, экологиялық аспектілерді бақылау және мониторингілеу, қоршаған ортаға теріс әсерді азайту жолымен өз өндірісінің экологиялық нәтижелілігін жақсартуға ұмтылады.

12.4. Контрагент улы заттарды пайдалануды болғызбау жөнінде шаралар қабылдауға тиіс. Балама болмаған жағдайда Контрагент улы заттарды қолдануды барынша азайтуға және олармен қауіпсіз айналысуды әрі оларды жоюды қамтамасыз

етуге тиіс. Шектеулі пайдаланылатын басқа зиянды заттарға, элементтерге немесе қалдықтарға қатысты Контрагент барлық қолданылатын құқықтық нормаларды қатаң сақтауға тиіс.

12.5. Контрагент табиғат сақтау технологияларын (мысалы, ластағыш заттарды, көмірқышқыл газының бөлінуін бақылау), сондай-ақ энергия үнемдеу және қалдықтарды қайта өңдеу технологияларын дамытуды жүзеге асырады, сонымен қатар олардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайтатын логистикалық стратегияларды (әсіресе сақтауға, тиеп-түсіруге және тасымалдауға қатысты) енгізеді.

12.6. Контрагент тауарлардың жалпы қызмет мерзімі ішінде қоршаған ортаға, еңбекті қорғауға және қауіпсіздік техникасына теріс әсерді жою немесе азайту мақсатында, өз тауарларын пайдалану сапасын қолдау және/немесе жақсарту кезінде, өз тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін дамытуға қоршаған ортаны қорғау, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі өлшемшарттарды енгізеді.

12.7. Контрагент өз тауарларының осындай тауарларға қолданылатын стандарттар мен нормаларға сәйкес келетінін растауға тиіс.

13. Жауапкершілік

Контрагенттер Кодекс ережелерінде көзделгендей, өз әрекеттері және олардың салдары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы алдында дербес жауапты болады.

14. Бұзушылықтар туралы хабарлау

14.1. Контрагент Кодекстің болжамды немесе нақты бұзылу жағдайлары туралы хабарлауға міндеттенеді. Контрагент осы Кодекс талаптарының нақты немесе ықтимал бұзылуы жағдайында Серіктестікке адал көмек және жәрдем көрсетуге, оның ішінде лауазымды тұлғалардан, қызметкерлер мен агенттерден сауалнама алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.2. Контрагент Кодекс ережелерінің сақталмауына қатысты өз күдігі туралы немесе Серіктестіктегі қаржыға, бухгалтерлік есепке, аудитке, сыбайлас жемқорлыққа немесе алаяқтыққа қатысты басқа да алаңдаушылықтар туралы, не елеулі мүдделерді қозғайтын өзге де күрделі жағдайлар туралы compliance@kpi.kz электрондық пошта мекенжайына немесе көрсетілген байланыс арналарының бірі бойынша тәуелсіз Сенім телефонына хабарлай алады:

- сенім телефонының сайты: <http://www.sk-hotline.kz>;
- электрондық пошта мекенжайы: mail@sk-hotline.kz,
- тегін телефон нөмірі: +7 771 191 8816.

15. Қорытынды ережелер

Осы Кодекске енгізілетін кез келген өзгерістер, толықтырулар, түзетулер «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС Байқау кеңесінің бекітуіне жатады.